

«Жинақ шоттағы ақша кепіліне қарыз»

Қарыз сомасы (дейін)	Депозит сомасынан 95% дейін (сыйақы аванстық төлеммен жүргізілетін салымдар/кепіл заты бойынша – «Bank RBK» АҚ операция жүргізудің жалпы шарттары туралы Ережемен белгіленген минималды және максималды мөлшер шегінде есептеліп біржолғы төленген сыйақыны шегергенде кепіл затының/салымның сомасына тең сомадан 95% дейін)
Валюта	салым валютасына қарай
Мерзім	Ең қысқа мерзім – 1 ай, ең ұзақ мерзім – депозит мерзімінен 3 күн аз
Қарызды мақсатты пайдалану	Тұтынушылық мақсаттар (кәсіпкерлік қызметке байланысты кез келгендер)
Қамтамасыз ету/кепіл заты	Қарызгер/тең қарызгер немесе үшінші тұлға жинақ шотқа орналастырған ақша (салымшының банктік салым шарты бойынша құқығы)
Қарызгерге/ Тең қарызгерге қойылатын талаптар	Қазақстан Республикасының азаматтығы Жасы – 21 жастан бастап. Қарызгердің/ тең қарызгердің ең үлкен жасы - шектелмеген.
Төлем қабілеттілігі	Кірістерді толық растаумен/кірістерді растаусыз

Комиссиясыз несиелеудің шарттары

% - мөлшерлеме, жылдық (номиналды)	Салым бойынша мөлшерлеме + «Bank RBK» АҚ операция жүргізудің жалпы шарттары туралы Ережемен белгіленген минималды және максималды мөлшер шегіндегі жылдық 3%
---	--

Комиссиямен несиелеудің шарттары

% мөлшерлеме, жылдық (номиналды)	Салым бойынша мөлшерлеме + «Bank RBK» АҚ операция жүргізудің жалпы шарттары туралы Ережемен белгіленген минималды және максималды мөлшер шегіндегі жылдық 2%
Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ)	Салым және несие талаптарына байланысты жеке есептесулерге сәйкес
Қарыз алуға өтінішті және құжаттарды қарастырғаны үшін комиссия (оның ішінде ҚҚС)	жоқ
Қарызды ұйымдастырғаны үшін комиссия	қарыз сомасының 2%-ы
Ұсынылған қарыз шарттарын өзгерткені үшін комиссия: 1. өтеу кестесі; 2. Қарыз валютасы; 3. сыйақы мөлшерлемесі; 4. өтеу тәртібі	Қарыз сомасы (несиелік берешек) қалдығының 1%- ы
Келесі сұрақтарды қарастырғаны үшін комиссия: 1. Қарызгердің (Тең қарызгердің), гаранттың (кепілгердің) бастамасы бойынша қарызгермен (тең қарызгермен), гарантпен (кепілгермен) байланысты шарттарды өзгерту; 2. Қарыз бойынша Кепіл затына ауыртпалық салу, сонымен қатар Кепіл	жоқ

затын ауыстыру кезіндегі шарттарды өзгерту; 3. кепіл берушіні ауыстыру; 4. жеке тұлғаның тұрғылықты орны бойынша тіркеуге (тіркеуден шығаруға), келісім туралы анықтаманы Клиенттің өтініші бойынша беру (оның ішінде ҚҚС)	
Қарыз бойынша несиелік берешек туралы анықтаманы клиенттің өтініші бойынша бергені үшін комиссия (оның ішінде ҚҚС)	2 000 теңге
Қарызды мерзімнен бұрын бөліктеп (толықтай) өтегені үшін комиссия	жоқ
Қарызды өтеу әдісі	Қарызгердің таңдауы бойынша: 1) Аннуитетті; 2) Сараланған; 3) Негізгі борыш – Қарыз мерзімінің соңында, сыйақы – ай сайын

«Bank RVK» АҚ кепіл-шотында орналасқан кепілге ақшаны алуға (салым шарты бойынша салымшы құқықтары) несиелік өтінімді қарастыру үшін құжаттар тізімі:

- 1) Жеке сәйкестендіру нөмірінің (ЖСН) (көшірме) болуымен қарызгер/тең қарызгер/кепіл беруші – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) Кепіл беруші – жеке тұлғаның ажырасуы туралы шешім/неке құру/ажырасу туралы куәлік;
- 3) Қарызгер/тең қарызгердің жүгіну күнінің алдындағы қатарынан 6 (алты) ай үшін қарызгер/тең қарызгердің жалақысын және (немесе) өзге шығындарын көрсететін және растайтын құжаттар;
- 4) Міндетті зейнетақылық жарналар төлемінен босатуды растайтын құжат (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақылық жарналар төлемінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес босатылған жеке тұлғаларға);
- 5) Осы талаптарға тіркелетін кестеге сәйкес заңды тұлға – Кепіл беруші бойынша;
- 6) Банктік салым шарты және Қарызгер/тең қарызгердің жүгіну күнінің алдындағы қатарынан соңғы 6 (алты) ай үшін Қарызгер/Тең қарызгердің табысын растайтын жинақтаушы соттан үзінді-көшірме;
- 7) Несиелеу субъектілерінің қаржылық жағдайы, азаматтық жағдайы, құқықтық мәртебесі, несиелік жобалардың сараптамасын жүргізу үдерісін реттеуші Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған өзге құжаттар.

"Bank RVK" АҚ Активтерін және пассивтерін басқару жөніндегі комитеттің шешімімен бекітілген Жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары (17.03.2020 жылғы №12 хаттама)

Кепіл беруші – заңды тұлғаның құқықтық сараптамасы үшін құжаттар тізімі
1) Жарғы (барлық өзгерістер және толықтырулармен) (нотариалды куәландырылған көшірме);
2) Құрылтай шарты (өзгерістер мен толықтырулармен, құрылтай құжатына қосылу туралы шарттар) – серіктестік қатысушыларының саны біреуден көп болған жағдайда және жарғы мазмұнынан қатысушылар үлесін орнату мүмкінсіз болған жағдайда ұсынылады, заңды тұлғаның қатысушылар реестрін жүргізуі тіркеушімен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда (нотариалды куәландырылған көшірме);
3) Заңды тұлғаның уәкілетті органда мемлекеттік тіркелуін/қайта тіркелуін растайтын құжат (нотариалды куәландырылған құжат);
4) Заңды тұлғаның қатысушылар/акционерлер реестрінен үзінді-көшірме (түпнұсқа);
5) Банкпен мәміле жасау туралы шешім қабылдауға уәкілетті атқарушы орган және өзге заңды тұлға органын сайлау туралы акционерлердің жалпы жиналысының/директорлар кеңесі отырысының хаттамасы/қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі (заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған көшірме);
6) Заңды тұлғаның құжаттарына қол қою құқығына ие тұлғаның жеке басын растайтын құжат (көшірме);
7) Заңды тұлға атынан құжаттарға қол қоятын, Банкпен мәміле жасау туралы уәкілетті органның шешімін қабылдайтын/қол қоятын тұлғаның (немесе тұлғалардың) өкілдігін растайтын құжат (тиісті өкілдіктерді ұсыну және сайлау (тағайындау) туралы тиісті орган отырысының хаттамасы, сенімхат (сенімхат ұсынғанда – сенімхат берген тұлғаның өкілдігін растайтын құжаттар) (түпнұсқада ұсынылатын сенімхатты қоспағанда, заңды тұлғаның мөрімен расталған көшірме);
8) Қамсыздандыру ұсыну туралы шешім қабылдаған заңды тұлғаның уәкілетті органын шақырту тәртібін сақтауды растайтын құжат(-тар);
9) Кепілге мүлік ұсыну туралы (Банкпен мәміле жасау туралы) оның нақты сипаттамасымен (жылжымайтын мүліктің кадастрлік нөмірі, инвентарлық нөмірі және жабдықтың техникалық сипаттамалары, пайдалануға беру жылы, мүліктің теңгерімдік, қалдықты бағасы және т.б.), Банкке кепілдік мүлікті соттан тыс сату және заңды тұлғаның мөрімен расталған Банк алдында Қарызгер/Тең қарызгердің міндеттемелерді орындамау және/немесе тиіссіз орындаған жағдайда (заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасымен(-ларымен) қол қойылған түпнұсқа) ақшаны акцептсіз есептен шығару (кепілге ақша ұсынылған жағдайда ғана) құқығын ұсыну туралы заңды тұлға органдарының шешімі;
10) egov.kz сайтынан алынған заңды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы анықтама;
11) egov.kz сайтынан алынған құрылтай құжаттар, жарғыға соңғы енгізілген өзгерістер туралы анықтама;
12) Несиелеу субъектілерінің азаматтық жағдайын, құқықтық мәртебесін, несиелік жобалар сараптамасын жүргізу үдерісін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған және мүдделі бөлімшелерімен сұратылған өзге құжаттар.